РЕЙДЫ МОБИЛЬНЫХ ГРУПП НА ВОКЗАЛАХ И В ПОЕЗДАХ ДАЮТ ПЕРВЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ 2, 3 стр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№76 (2459) 16/08/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙЕКСӨЗ

**Нұржан КЕЛБҰҒАНОВ,**
«ҚТЖ – ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» АҚ ТАСЫМАЛДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ:

**«ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ЖҮКТЕР – АСТЫҚ ЖӘНЕ КӨМІР ТАСЫМАЛЫНА ҚАТЫСТЫ БІР-ДЕ-БІР СҰРАҚ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ»**

АҚПАРАТ

## КЕСТЕ БОЙЫНША ЖӨНЕЛТУДІ ҰСЫНАДЫ

**Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі экспортқа астықты бағдарлық жөнелту технологиясы есебінен вагондарды өңдеу уақытын шапшаңдатуды және жүк айналымын жақсартуды көздеп отыр.**

Бөлімшенің өз клиенттеріне ұсынып отырған технологиясына келсек, ол бойынша жүк пойыздары діттеген жеріне сұрыптау станцияларында өңдеуден өтпей бекітілген кесте бойынша (жолаушы пойыздары секілді) жүріп бармақ. Осылайша, Сарыағаш, Құрық сынды шекаралық пункттерде вагондар тез сұрыпталып, құжаттамалар тез өңделетін болады. Ал бұл өз кезегінде, әртүрлі көлік түрлерін пайдалана отырып, мультимодалды тасымалды қамтамасыз етуге, Ақтау порты арқылы тұрақты фидерлік қатынасты, сондай-ақ, Транскаспий халықаралық көлік бағдарында сервисті қамтамасыз етуге оң әсерін тигізбек.

– Құжаттарды уақытылы ресімдеп, құрамдарды жасақтау үшін Ақмола бөлімшесінде оперативті диспетчерлік айналым ашылып отыр. Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының мемлекеттік аумақтық қызметтерімен бірлесе, астық және астық өнімдерін тиеп жөнелту, тасымалдау бойынша іс-әрекеттерді қамтамасыз ету және үйлестіру мәселелері бойынша штаб құрылды. Штаб отырысы күн сайын трейдерлердің қатысуымен өтіп тұрады, – деп ақпар берді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Рахимжанов.

Осыған байланысты «Астық тобы» шұғыл орталығының жұмысы жаңартылған. Олардың басты міндеті – жүк жөнелтушілерден келіп түскен өтінімдердің ашық есебін жүргізу, жылжымалы құрамның уақытылы берілуіне, астық тасымалы жоспарының орындалуына, вагондардың қозғалысына, олардың жүк тиеу орындарындағы жұмысына бақылау жасау.

Осы ретте, атап өтерлігі, Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі экспортқа астықты және астық өнімдерін жөнелту бойынша көшбасшы болып отыр. Қазіргі кезде 123 элеватордың жаңа егін астығын қабылдауға 68-і дайын тұр.

*Махаббат НЕГЕМБЕЛЕВА*

БҮГІНГІ САН

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ ҰЖЫМЫ АРЫСҚА**

**166 млн**

**ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ**

АКТУАЛЬНО

# ЖЕЛЕЗНАЯ РУДА ЧЕРЕЗ АЛТЫНКОЛЬ – ХОРГОС

Железная руда из Костанайской области освоила новый маршрут в Китай. Дополнительные объемы экспортного груза начали транспортироваться по южной линии через погранпереход Алтынколь – Хоргос. Планируется поставить по этому маршруту 150 тысяч тонн. До этого весь казахстанский объем экспорта железной руды направлялся через погранпереход Достык – Алашанькоу. На сегодняшний день уже перегружено 28 тысяч тонн.

**Ирина БЕКТИЯРОВА,**
*Алтынколь*



– Это значительно повлияет на наши производственные показатели сдачи экспортного груза в Китай. Общий годовой план поставки экспортного груза у нас составляет 660 тысяч тонн. Поставлена задача увеличить экспорт. Мы с этим справимся, – подчеркивает главный инженер станции Алтынколь Максат Мамбеткулов.

Теперь дополнительные объемы железной руды позволят увеличить показатели до более 800 тысяч тонн.

Вопросы доставки грузов через Алтынколь – Хоргос обсуждались в ходе рабочей встречи специалистов пограничных железных дорог между РК и КНР с участием заместителя генерального директора АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Мухтара Махамбета и заместителя начальника департамента международных перевозок ООО «Урумчийская железная дорога» Кан Шэна. Во встрече также приняли участие отправители и получатели грузов, владеющие собственным парком вагонов.

В соответствии с достигнутыми договоренностями, из планируемого объема перевозок 150 тысяч тонн 120 тысяч составят окатыши и 30 – руда железная. Перевозка осуществляется в полувагонах по широкой колее, перегруз ведется на станции Хоргос, затем порожние вагоны возвращаются на казахстанскую сторону.

– Первый перегруз в количестве 34 вагонов мы сделали 5 августа. На сегодняшний день уже 399 вагонов подали на территорию Китая, – рассказывает начальник конторы передачи станции Алтынколь Аскар Досмурзаев.

Грузоотправителю, которым является АО «Соколовско-Сарбайское горно-обогатительное производственное объединение», и китайскому грузополучателю этот маршрут очень выгоден. Потому что сокращает время получения товара.

– Экспортные составы проходят безостановочно в любое время суток, – отмечает Аскар Досмурзаев. – По времени получается быстрее. Состав, поданный нами, в течение 1,5-2 суток мы уже забираем порожним. За это время китайская сторона в соответствии со своими процедурами осуществляет взвешивание, таможенный контроль, выгрузку, очистку вагонов и возвращает нам подвижной состав.

Перевозка железной руды по новому коридору позволит увеличить экспорт грузов и оптимизировать транспортные потоки, обеспечив удобную и экономичную доставку грузов из Казахстана в Китай, отмечают в АО «КТЖ – Грузовые перевозки».

*Фото автора*

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

# КӨМІР ТАСЫМАЛЫ: МЕЖЕ 10 МЛН ТОННА

Бүкіл ел аумағында көмір тасымалы қарқын алған шақта Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты учаскелік станция саналатын 2-класты Дегелең станциясының атқарар жүгі ауқымды. Себебі, мұнда күллі ел шығысын жылумен қамтамасыз ету мақсатында көмір тиеу мен жөнелту ісі атқарылады.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Станция, сонымен қатар, іргелес елдер мен бірқатар шет елдерге де қатты отын тиелген вагондар жөнелтеді. Ал өткен жылдан бері ұлттық компания басшылығының шешімімен көмір тасымалын жазғы маусымға ауыстыру мұнда біршама қарбалас тудырғанмен тиімділігі аса жоғары екендігін дәлелдеді.

Бүгінгі Дегелең станциясында 4 кірме жолмен 6 қабылдап-жөнелту жолдары бар. Мұның барлығы жүк айналымын жоспарға сай жүзеге асыруда іркіліс тудырмау үшін қолайлы. Дегенмен, қара суық түсісімен еліміз бойынша орын алатын «көмір безгегі» дегелеңдік теміржолшыларды өз жұмыстарын ширатып, өндіріске біршама өзгерістер енгізуге мәжбүрледі. Соның нәтижесінде болар, өткен жылдан бастап, көрсеткіштер де күрт қарқын алды.

– Былтыр біз 108 мың 386 вагоннан тұратын, 7 млн 554235 мың тоннаның көмірін тиеп, жөнелттік. Бұл көрсеткіш алдыңғы 2017 жылмен салыстырғанда 12,5 пайызға жоғары. Биылғы меже бұдан да арта түспек. Себебі, ең ірі клиентіміз «Қаражыра» компаниясы жаңа техникалар алу арқылы өндіріс көлемін біршама ұлғайтып отыр, – дейді Дегелең станциясының бастығы Талғат Баширов.

Көмір тасымалы көктем мен жаздың басында біршама саябырлағанымен қазіргі күндері біртіндеп қарқын алып келеді. Өткен жылы тәулігіне 490 вагон көмір тиелген кездер болған-ды. Биылғы көрсеткішті бұдан да жоғарылату көзделуде. Дәл бүгінгі күні аталмыш станциядан тәулігіне 350 немесе 480 вагоннан тұратын жылжымалы құрамдар жылдам құрастырылып жолға шығарылуда.

Станция басындағы маневрлік жұмыстардың барлығы жеделдетілген түрде жүзеге асырылады. Дегелеңдіктер қос бағытқа қызмет көрсетеді. Вагондарды номерлеріне сәйкес желінің қос тарапына бөліп, Семей мен Павлодар бағытына пойыздар әзірлейді. Бұл ретте станция кезекшілеріне жүктелер жауапкершілік зор.

– Тәулігіне ең кемі 5 жылжымалы құрамды жасақтап жолға шығарамыз. Мәселен, дәл қазіргі күні қабылдау мен атқару пойыздарымен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осыдан соң бірден маневрлік тәсілмен вагондарды жинап, ең кемі 6 мың тонна болатын ауыр салмақты пойыздарды құрастыруға кірісеміз. Дәл бүгінгі күні аса қарбалас жоқ. Көмірге тапсырыс көбейген кезде жұмыс та қыза түседі, – дейді станция кезекшісі Қуаныш Султаков.

Дегелеңде транзиттік пойыздар саны да көп. Локомотив бригадалары осында ауысып, тәулігіне 15-16 пойыз жолға шығарылады. Көмір тиеу үшін жиналатын вагондар станция басында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс жиілігін жылдамдату қажеттілігі жоғары. Техникалық үдеріс барысын назарда ұстап отырған ДСП операторы Гүлжан Қайыржанова пойыздарды қабылдап алу мен жөнелтуде, машинистерге өкім беруде, жылжымалы құрамдарды жолға даярлауда ауысым қызметкерлері үшін қарбалас әлі алда екенін айтады.

– Осыдан 20 жылдан аса уақыт бұрын бұл станция Дегелең аталмай тұрып, осында қызметке орналасқан едім. Ол кезде Конечная атты тұйық станция болатын. Салыстырмалы түрде алсам, ол кезден бері станциямыздың қызметі жүз пайызға мүлде өзгерді. Тіпті, жыл сайын түрлі жаңашылдықтар орын алып, көрсеткіштер көлемі де айтарлықтай артып келеді, – дейді Гүлжан Әбілқайырқызы.

Қазіргі күні станциядағы жұмыстар барысында айтарлықтай проблемалар жоқ. Вагон жеткілікті. Дегелеңдіктер көмір тиеуде жоспарға үлгеріп жұмыс жүргізуде. Станцияның жүк цехындағы коммерциялық қатынастар барысы да қадағалауда.

Күллі бөлімше бойынша жүк тасымалының 50 пайызынан астамын еншілейтін Дегелең станциясының теміржолшылары көмір тиеу бойынша биылғы жылды да жетістіктермен қорытындылаймыз деген ізгі үмітте. Таяу жылдарға қойылған басты меже – жылына 10 млн тонна көмір тиеп жөнелту.

*Суретті түсірген автор*

НОВОСТИ

## КИБЕРЩИТ НА СТРАЖЕ ИНФОРМАЦИИ

**В АО «НК «Қазақстан темір жолы» под председательством директора по корпоративной безопасности компании – спонсора проекта «Внедрение новой модели информационной безопасности» Курмана Елюбаева состоялось совещание по вопросам внедрения новой модели информационной безопасности в рамках реализации Программы цифровой трансформации.**

В совещании приняли участие представители центральной команды трансформации АО «Самрук-Қазына», причастных структурных подразделений ҚТЖ, а также проектная команда.

Спонсором проекта отмечена важность внедрения новой модели для обеспечения защищенности инфраструктуры группы компаний АО «НК «ҚТЖ» от угроз.

Проект «Внедрение новой модели информационной безопасности» будет отвечать требованиям концепции «Киберщит Казахстана» и соответствовать законодательству Республики Казахстан.

По словам руководителя проекта Руслана Султангазина, основная цель изменений – создание высокоадаптивной и эффективной системы управления и обеспечения информационной безопасности.

Обеспечение информационной безопасности должно быть направлено прежде всего на предотвращение рисков. Именно принятие предупредительных мер по обеспечению конфиденциальности, целостности, а также доступности информации и является наиболее правильным подходом в создании системы информационной безопасности.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## НА ОСОБОМ КОНТРОЛЕ

**В АО «Пассажирские перевозки» усиливают меры безопасности в поездах. Теперь за общественным порядком наряду с сотрудниками компании будут следить и пассажиры. Для этого казахстанские поезда оборудуют тревожной кнопкой.**

Нередко, путешествуя поездом, пассажиры сталкиваются с различными непредвиденными ситуациями. В этом случае пассажиру достаточно будет нажать на тревожную кнопку, сигнал которой автоматически поступит в линейный отдел полиции. Подобное устройство безопасности в скором времени появится во всех пассажирских поездах вне зависимости от типа вагона и категории поезда по уровню комфортности.

– Сейчас идут переговоры с поставщиками о том, что в скором времени все пассажирские вагоны будут оснащены тревожной кнопкой. Под каждым столом, где вы обедаете, в купе, плацкартных вагонах будут установлены такие кнопки. Если вы вдруг почувствуете опасность, то можете, нажав эту кнопку, вызвать сотрудников линейного отдела полиции. Сейчас идет полномасштабное обсуждение того, как будет работать данный механизм, – рассказал официальный представитель АО «Пассажирские перевозки» Диас Ахметшарип.

Но если тревожная кнопка только готовится к внедрению, то новейшая система видеоконтроля уже установлена в 25 новых плацкартных вагонах казахстанского производства в составе поезда, следующего по маршруту Алматы – Мангистау. Благодаря новой системе проводник может из служебного купе в реальном времени следить за обстановкой в коридорах и тамбурах.

– В каждом вагоне по шесть камер. Они снимают рабочий тамбур, коридоры. В целях безопасности до конца года планируем поставить на маршруты 60 таких новых вагонов. И каждый год мы будем пополняться новыми вагонами, оснащенными видеокамерами, – проинформировал собеседник.

Также в АО «НК «ҚТЖ» открыты кабинеты психологов, где сотрудники смогут получить квалифицированную консультацию специалиста. Кроме того все существующие работники пройдут обязательную переаттестацию.

*Руслан РАХМЕТОВ*

АҚПАРАТ

## АСЫҒА КҮТУДЕ

**№377/388 Маңғыстау-Алматы бағытының пойыз бастығы Мирамбек Сембаевтың бригадасы кешегі Арыс оқиғасына байланысты жолда қалған жолаушыларға қызмет көрсеткендерін мақтан тұтады.**

— Арыс қаласында жарылыс болып, бірнеше күн станцияға пойыздар кіре алмай, тоқтап жатқан кезде Алматыдан Маңғыстауға қарай біздің пойыз бірінші болып жолға шықты. Бізге дейінгі №377 пойыз Жезқазған жолымен айналып, Сексеуіл арқылы жолға түскен. Біз де Алматыға сол жолмен жүріп, мегаполиске жеткенімізде «Арыстың жолын ашты» деген хабар алдық. Біздің алдымыздағы Алматы-Маңғыстау пойызы жүрмей, халық қолындағы билетпен жолда қалған екен. Сондықтан осында комиссия құрылып, берілген орындардан артық адам алып, құрамаға Алматыдан төрт, Қызылордадан бір вагон жалғанып, өзіміздегімен жиырма вагон болды. Жолсеріктердің жұмысы бұрынғыдан екі есе артық болды, яғни бір жолсерік енді бірнеше вагонға қызмет көрсетуге тура келді. Бірақ бірде-біреуі реніш білдірмей, халыққа жүгіріп жүріп қызмет көрсетті. Қанша шаршап-шалдықсақ та онсыз да жол азабын тартқан халыққа жағдай жасауға тырыстық. Есесіне қаншама жолаушылар алғыс айтып, ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар батасын беріп кетті, – деген пойыз бастығы тағы бір қуанышымен бөлісті.

Айтуынша, алматылық әріптестері секілді №377/378 бағыттағы маңғыстаулық пойыз жолсеріктерінің де ауылында той болар күн алыс емес. Жуырда олар өз қызметтерін қанша жыл армандаған су жаңа вагондарда көрсететін болады.

— Бүгінде Маңғыстауға заманауи талапқа сай, керемет вагондар келіп жатыр. Жақын күндері бізге де сондай вагондар беріледі деп күтіп отырмыз. Қазір пайдаланудағы вагондар 30-35 жыл бұрын шыққан, әбден ескірген, жолшыбай халық та, біз де қиналамыз. Маңғыстау-Алматы жолы бұрынғыдан едәуір қысқарғанымен, өзгелеріне қарағанда бәрібір ұзақ, ауыр бағыт. Пойызда жас балалар, егде жастағылар, қан қысымы жоғары жолаушылар жиі кездеседі, – дейді пойыз бригадирі.

Еңбек жолын 2007 жылы Атырау-Астрахань бағытындағы жолаушы пойызында жолсерік болып бастаған ол аптап ыстыққа шыдай алмай ауа салқындатқыш құрылғысы жоқтығына жиі шағымданатын жолаушыларға жаңа вагонда қызмет көрсетер күнді бүкіл бригада асыға күтіп жүргенін жеткізді.

*Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау*

## РЕГЛАМЕНТКЕ САЙ



**Жақында жұмыс бабымен айлық тексеруге шыққан Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов Шетпе станциясына локомотивпен жетіп, жолай бірнеше бекеттердің де жұмысына шолу жүргізді.**

Машинистермен бірге таңертең ерте шығып, жолда Тамақ, 14, 15, 16 бекеттерге де аялдаған орынбасардың айтуынша, әріптестері өз жұмыстарын арнайы регламентке сай толығымен дұрыс атқарып отыр. Сонымен қатар локомотив кабинасында машинист пен станция кезекшісі арасындағы өзара байланыс регламенті де талапқа сай. Бұл орайда олар «Пойыздық жұмыстар кезінде локомотив бригадаларының сөйлесу регламенті» құжатын негізге алады.

Түске таяу Шетпе станциясына барған Ерлан Бүркітов инфрақұрылымдық нысандардың, жолдардың, бұрмалардың жағдайына назар аударды. Аға электр механиктер, телім бастықтары орынбасарларының жұмыс жасаудағы біліктілік деңгейі тексерілді. Сонымен қатар техникалық қызмет көрсетуге қатысы бар адамдардың біліміне назар аударылған.

– Комиссиялық айлық тексеру норматив бойынша тоқсан сайын бір рет өткізілу керек. Өткен айда Бейнеу станциясында өткізілсе, кесте бойынша тамыз айында бұл жолғы кезек Шетпеге келді. Станция бастығы, вагон депосы, локомотив депосының қызметкерлері, т.б. басын қосқан үлкен жиын өткіздік, кемшіліктерді атап өтіп, олардың шешу жолдарын қарастырдық. Маневрлік жұмыстар кезіндегі апаттар, жолдан шығулар бойынша фильм көрсеттік, білмегенін үйреттік, бүгінгі таңда бөлек-бөлек жүргізіліп жатқан үш айлық туралы мәлімдедік, осының бәрі оларға бір жағы техникалық сабақ болды, – дейді Ерлан Бүркітов.

Еске сала кетсек, бұл бөлімше бойынша жарияланған. 20 шілде мен 20 тамыз аралығында өткізіліп жатқан «Қозғалыс қауіпсіздігіне ерекше көңіл» атты айлық. Екіншісі – 5 тамыз – 5 қыркүйек аралығында ұйымдастырылған «Локомотив бригадалары мен станция кезекшісі арасындағы сөйлесулердің регламентін сақтау» деп аталатын айлық. Үшіншісі – дәл осы аралықта жарияланған «Есте сақта, тежегіш табандық – қатаң есепке алынатын инвентарь» деген айлық.

Техникалық сабақтан соң бөлімше өкілі Шетпе станциясындағы кезекшілер, пойыз құрастырушылар және сол күнгі локомотив бригадалары жұмысына аяқасты тексеру жүргізген. Маневрлік жұмыстар кезінде шетпеліктер өз қызметтік міндеттерін сауатты орындаған. ШЧ мекемесінің ЛАЗ бөлімінде станция кезекшісі мен машинистер және пойыз құрастырушылар арасындағы сөйлесулер жазылып қалатын «Гранит» құрылғысы тыңдалған, бұл құрылғыдағы жазба 2-3 айға дейін сақталады. Сол құрылғы жазбалары тыңдалып, станция қызметкерлерінің жұмыстарына да баға берілді. Кемшіліктері ескерілді. Осындай кешенді тексеру жұмыстарынан соң Ерлан Бүркітов шетпеліктердің жұмысы барлық регламенттерге сай жүзеге асырылып жатыр деп баға берді.

*Ұлан ОРАЗ*
*Суретті түсірген автор*

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# БІТКЕН ІСТІҢ МІНІ ЖОҚ

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыруды кәсіби міндеті санайтын теміржолшыларға биылғы аптап ыстық жаз жеңіл тиген жоқ. Бірақ 35 градус ыстық қызылордалық жолшылар мен белгі берушілерге станциялық жолдағы 39-шы бағыттамалы бұрманы техникалық талапқа сай ету жұмысына кедергі келтірген жоқ.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*



Сары жилет киген теміржолшылар аптап ыстықты елемей қызу жұмысқа кіріскен. Біреулер бастарына күнқағар киіп қорғанған болса, біреулері шыжғырған ыстықты елер емес. Олар – Қызылорда жол дистанциясының жолшылары, жол бригадирі Жомарт Дәненов бастаған топ, 5-разрядты жол жөндеуші Дәулет Садықов, 6-разрядты жол жөндеуші Рақымжан Әлімбаев пен Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі Әбдіғали Орынтай. Олар станцияның оңтүстік шығыс бөлігіндегі бағыттамалық бұрманың ауытқуларын қалпына келтіру жұмыстарын жасауда.

– Бүгін дистанция басшыларының тапсырмасымен 39-бағыттамалы бұрманың ауытқуын орнына келтіріп жатырмыз, бұрма сергасындағы металл тетікті алып шаблонды 24 мм-ге келтірдік. Бұл «встречный переводтағы шаблонды қайта жапсыру», яғни негізгі техникалық талап бойынша қажетті 1520 мм-лік өлшемнен ауытқуды тексеріп, қайта қалпына келтіру жұмысы, қазіргі таңда бұрманың 1529 мм болып ауытқуын өзгертіп, 1520 мм-ге келтіріп, қайта қатайтып бекітіп жатырмыз. Жұмысты жолшылар мен байланыс-белгі берушілер бірге атқарудамыз, жауапкершілік бәрімізге ортақ, – деді жол бригадирі Жомарт Дәненов.

Жол жөндеушілермен бірге бағыттамалық бұрманың өлшемдерін алып, бірге жұмыс жасап жүрген Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі Әбдіғали Орынтай да өзіне бекітілген жұмыстарды атқаруда.

– Менің жұмысым бағыттамалық бұрманы жөндеген жолшылармен бірге гарнитурдың болтын босатып, отжим тексеру, ол дегеніміз бағыттамалық бұрманың рамалық рельске жанасып кірігуін, яғни қуысқұлақ арқылы тексеріп, бағыттамалық бұрма ұшын 2 мм-лік өлшемде жауып, бағыттамалық бұрманың техникалық талапқа сай болуына бақылау жасау, – деді электромеханик Әбдіғали Орынтай.

Қос дистанцияның теміржолшылары бірігіп бір бағыттамалық бұрманың ақауын жөнге келтіріп болып, құрал-саймандарын жинастыра бастады. «Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ» деген осы.

*Суретті түсірген автор*

РЕЙД

# АЛЫПСАТАРЛАРҒА АЙЫППҰЛ КҮШЕЙТІЛСЕ...

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жолаушы пойыздарына билет сатумен айналысатын алыпсатарлардың жолын кесу мақсатында 30 шілде мен 30 тамыз аралығында жұмыс тобын құрып, рейд жұмыстарын күшейтті.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Түркістан облысы*



Құрамына «Жолаушылар тасымалы» АҚ, көлік бақылау тасымалы инспекциясы, Желілік ішкі істер бөлімі, Әскери теміржол күзеті, вокзал шаруашылығы қызметкерлері енген жұмыс тобы Шымкент вокзалына рейдке шықты. Алыпсатарлардың «заңсыз саудасына» тосқауыл қоюға кіріскен топ жолаушыларға билетті сатып алу немесе көмектесу бойынша көзге түскен 7 адамды құрықтады. Олардың төртеуіне тәуліктік қамау, екеуіне айыппұл салынды. Айыппұл 5 АЕК шамасында, 12 мыңды құрайды.

«Тексеру барысында тағы 1 адам ұсталды, оған хаттама толтырылып, ішкі істер қызметкерлері айналысуда. Жуырда жергілікті «Отырар» телеарнасында пойызға билет жетіспеушілігі туралы бейнесюжет көрсетілді. Осыған орай, талқылау жиынын өткізіп, рейдтік шараларымызды күшейттік. Бүгінде тек вокзалдың аумағымен шектеліп қалмай, жолаушылар пойызына да тексеруге шықтық. Түркістан облысы аумағында кезек-кезекпен пойыздарға мініп, жолсеріктерді де тексеріп жатырмыз. Жаңа ғана «Жолаушылар тасымалы» АҚ оңтүстік өңіраралық директорының орынбасары жолаушылар пойызымен тексеруге Арысқа кетті. Қысқасы, билетсіз жолаушы алған фактілер анықталған жағдайда қажетті акті толтырып, заң бұзған жолсеріктерге шара қолданамыз», – дейді Нұрғиса Пошанов.

Жалпы, мұндай іс-шара жыл басынан бері вокзал шаруашылығы мен Жолаушылар тасымалы, Желілік ішкі істер бөлімі арасында келісім бойынша жоспарланып өткізіледі. Қазір жаз айы болғандықтан билет жетіспеушілігі қатты байқалады. Сол себепті, аталған шараны қарқынды түрде жүргізуге қосымша заң қызметкерлері және көлік бақылау құрылымы тартылып, бірлесе жұмыс істеуде.

Шымкент вокзалында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 4 кассасы және 16 касса бар.

«Жұмыс тобымен вокзалдың іші-сыртын, перрондағы жолаушыларға билет сатып жүргендерді тексеріп жатырмыз. Қазір мұндай ахуал жоқ, сап тыйылған. Вокзал іші, перрон тып-тыныш. Бір айта кетерлігі, 20 маусымнан бастап барлық билет кассаларында жетілдірілген күту парағы іске қосылды. Яғни жолаушыларға арналған электронды кезек. Кейде бір адамдар ауырып қалады, не басқалай себептермен билетті қайтадан өткізіп жатады. Осылайша билет шыққан жағдайда жолаушының электрон поштасына хат жіберіледі. Жолаушы ол билетті кез келген кассадан сатып ала алады. Алайда екі сағат ішінде сатып алмаса, ол автоматты түрде келесі адамға өтеді. Бұрынғыдай билетті «ұстап алу» деген жоқ, автоматты түрде кезекке тұрғандардың базасына түседі. Жол жүру құжатын қайта сататындардың жолын кесіп, алдын алуға бағытталған жоба бүгінде өз жемісін беруде», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Шымкент учаскесіндегі өңіраралық филиалының билет кассасының меңгерушісі Райхан Орынбасарова.

Рейд жұмысына белсене атсалысып жатқан Шымкент станциясы әкімшілік полициясының бастығы, полиция полковнигі Орынбасар Мамбетов ҚР Әкімшілік кодексінде көрсетілген 449 баппен жұмыс жүргізіліп жатқанын айта кетті. Оның сөзінше, билет сатушыларды ұстайтын арнайы заң болса да көбіне қолдана алмайды екен. Неге деген сұрағымызға полиция өкілі азаматтардың шағымданбайтынын алға тартты.

«Себебі, занда көрсетілген бапты қолдану үшін бізге нақты «мына адам билет ұсынып, менің мазамды алып жатыр» деген шағым келіп түсуі керек. Яғни занда көрсетілгендей, ол адам мазасын алса ғана шара қолдана аламыз. Тағы бір қиындық, оларды ұстаған күнде де мойындата алмаймыз. Мұндай жағдайда не істеу қажет? Ол үшін, біріншіден, заңға өзгеріс енгізіп, қатайту керек. Меніңше, ұсталған азаматтарды бес тәуліктің орнына 30 тәулікке қамаса немесе айыппұлдың көлемін бірнеше есеге ұлғайту керек деп ойлаймын», – дейді Шымкент станциясы әкімшілік полициясының бастығы, полиция полковнигі О.Мамбетов.

Бір байқағанымыз, әшейінде вокзалға барған жанның алдынан шығып «Қайда барасыз, билет керек жоқ па?» деп шаужайына оратылатындар сап тыйылған. Уақытша тыныштық секілді, рейд аяқталған соң тасада бұғып жатқандар «бизнесін» қайта бастамасына кім кепіл? Ендеше, билет саудасындағы заңсыздықтың жолын кесетін қатаң шара қажет екені даусыз.

*Суретті түсірген автор*

СЕРВИС

# ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖАЙЫН ЖАСАУ – МІНДЕТ

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Тараз темір жол вокзалында қым-қуыт тірлік күндіз де, түнде де толастаған емес. Тәулігіне әрлі-берлі 22 жұп жолаушы пойызы аялдап, жүздеген жолаушы мініп-түсіп жататын вокзал күніне 1800-ден астам адамға қызмет көрсетеді.

**Әсел ЖҰРАТБЕКҚЫЗЫ,**
*Жамбыл*



Біз барғанда вокзал кассаларында бұрынғыдай адам ығы-жығы емес екен. Жалпы бүгінде электронды кезек бар, өз-өзіне қызмет көрсететін транзакциялық терминалдар бар, касса алдында сағаттап кезек күту деген келмеске кеткендей. Сосын, әрине, билеттерді интернет арқылы сатып алу мүмкіндігінің де әсері бар екені сөзсіз.

Вокзалға кірген-шыққан жолаушы кіреберісте екі жерде орналасқан рентген құрылғылы тексеру аппараты арқылы өтеді. Жолаушыларда қауіпті заттар мен қару-жарақтың болмауын, жалпы, адамдардың қауіпсіздігін сақтауға септігін тигізетін шара екені даусыз. Мұндай аппараттар 2017 жылы тек Тараз вокзалына ғана емес, Шу вокзалына да орнатылған.

Вокзалдың бірінші қабатында кассалар мен банкоматтар, анықтама, медпункт, дәріхана, екі жүк қоймасы орналасқан. Ал екінші қабатта кең де жарық 200 орындық күту залы, асхана, 20 орындық қонақ үй бар. Тазалық пен ұқыптылыққа баса мән берілетіні бірден аңғарылады. Көпшілік орын болғанымен, бей-берекет шашылған қоқыс тұрмақ, артық тұрған зат байқалмайды. Асхана да мұнтаздай таза, бағасы қолжетімді.

– Пойызбен Астанаға жиі қатынаймын, сондықтан вокзалға жиі келемін. Рас, бұрындары билет тапшылығы, кассада кезек күту сынды біраз проблемалар туындайтын. Бірақ соңғы жылдары темір жол жұмысы өте жақсы жолға қойылған. Әрі үйде отырып-ақ билетті брондап, сатып ала береміз. Бұрынғыдай билеттерді 2-3 есе қымбат бағаға саудалап жүретін алыпсатарлар да қазір байқалмайды, жабайы сауда жасайтын саудагерлер де азайған. Жалпы, вокзал жұмысы көңілімнен шығады, – деді Астанаға аттанғалы тұрған жолаушының бірі Самал Өзбекованы сөзге тартқанымызда.

Тараз темір жол вокзалы бастығының орынбасары Мақсат Садығұловтың айтуынша, темір жол вокзалдары қызмет көрсететін адамдар санына, аумағына, тағы да басқа біраз көрсеткіштеріне қарай кластарға бөлінеді. Тараз темір жол вокзалы бірінші класты вокзалдар қатарына жатады.

– Ғимаратқа 2013 жылы күрделі жөндеу жүргізілген. Бірақ жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстарын да жасап отырамыз. Ең бірінші қызметтік міндет - жолаушының жайын жасау екенін вокзалдың әрбір қызметшісі жақсы біледі. Сондықтан келген-кеткен халыққа қажеттіліктің бәрін жасауға тырысамыз, – дейді ол.

Айтса айтқандай, вокзалда қызметтің түр-түрі бар. Бірінші қабатта ҚТЖ иелігіндегі 4 касса, 11 жекеменшіктегі касса орналасқан. Барлығы 15 касса жолаушылар таңдауына қарай қызмет етеді. Анықтама қызметі тәулік бойы жұмыс істеп тұр, ал басы ауырып, балтыры сыздаған жолаушы медпункттегі мейірбикенің көмегіне жүгіне алады. Сондай-ақ, үстіңгі қабатта ана мен балаға арналған бөлме бар. Негізінен ақылы болғанымен, Мақсат Ергешұлының айтуынша, жолаушылардың жағдайына қарай кейде онда барып тегін тынығуға да рұқсат етіледі екен.

– Вокзалдың бірінші қабатында – 50, екінші қабатында – 200 орындық күту залы бар, 2 жүк қоймасы жұмыс істейді. Жалпы барлығы 45 қызметкер жолаушылардың жайлылығы үшін жұмыс істейді. Оның 20-сы техникалық қызметшілер. Медпункт, тамақтану орындарын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандары жоспарлы түрде тексеріп тұрады. Сонымен қатар, вокзалда 5 түрлі банктің банкоматтары, көшірме, газет-журнал, канцелярлық тауарлар, жолға қажет майда-шүйде сататын киоскілер бар. Жалпы, жолаушыларды бірінші кезекте қажетті нәрселермен жабдықтап, қызмет көсртеуді мақсат тұтамыз. Алдағы уақытта вокзал ішіндегі электронды таблоларды жаңартуды жоспарлап отырмыз. Бұдан да басқа ішкі ұсақ-түйек жұмыстар бар, – дейді вокзал бастығының орынбасары.

Вокзал басшылығы сондай-ақ алыпсатарлармен және жабайы саудада жасайтын саудагерлермен күресті ұдайы жүргізіп келеді. Әсіресе жаз маусымында кез келген бағытта билет тапшылығы байқалатыны белгілі. Сондықтан жолаушыларға билет ұсынатын алыпсатарлар қатаң бақылауға алынған. Олармен жең ұшынан жалғаспас үшін кассалардың қызметі де бақылауда.

*Суретті түсірген автор*

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

# ГЛАВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

Путевая страда в Алматинском регионе в самом разгаре. Капитальный ремонт пути в объеме 94,652 километра проводится подрядными организациями ТОО «Теміржол жөндеу» – ПМС Астана и ТОО «Integra ConstructionKZ» – «Южная дирекция» – ПМС Уштобе. На сегодняшний день выполнено 71,426 километра пути.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Приоритетной задачей отделения магистральной сети является повышение уровня безопасности движения поездов, снижение количества отказов технических средств, а также качественная подготовка к работе в зимний период. Поэтому проводятся все необходимые профилактические меры, которые влияют на эстетичный вид путевой инфраструктуры, способствуют надежности пути и эффективности перевозок. Весь комплекс работ направлен на оздоровление пути, на участках работает специальная техника, задействованы путевые машины: щебнеочистители, путеукладочные краны, выправочно-подбивочные комплексы, хопперы-дозаторы, платформы для перевозки плетей. Участок разъезд 19 – Достык выполнен на 100% – 24 километра пути, уложена 31 пара плетей. Что касается участка разъезд 2 – Сарыкум, то там интенсивно проводятся работы по капитальному ремонту, на сегодняшний день выполнение составило 49%. Работы выполняются ТОО «Integra ConstructionKZ».

Не отстает и подрядная организация ТОО «Теміржол жөндеу». На участке разъезд 3 – Жаксыбулак уложено 100% рельсошпальной решетки – 24,14 километра пути, производится балластировка. Аналогичные работы ведутся на разъезде 4 и 5.

Надо сказать, что обе строительные организации имеют достаточно солидный опыт работы в проведении капитального ремонта пути, в путевых работах задействованы специалисты, зарекомендовавшие себя с лучшей стороны и в выполнении ремонтных работ опыт их просто неоценим. В ходе рабочего процесса внимание уделяется выполнению всех технологий, соблюдению личной безопасности и охраны труда.

– Летняя ремонтно-путевая кампания направлена на обеспечение безопасности и надежности функционирования железной дороги, модернизацию железнодорожного пути. Все работы проводятся без срывов, надеемся, что качественное их выполненные позволит на некоторых участках пути увеличить скорость пассажирских и грузовых поездов, – говорит директор Алматинского отделения магистральной сети Талгат Еспанов.

Путевые работы в регионе продлятся до октября, заданный темп ремонтников позволяет утверждать, что работы закончатся строго по графику и качественно, ведь содержание путевого хозяйства – одно из главных направлений железной дороги в рамках обеспечения безопасности движения поездов при возрастающем объеме перевозок.

РЕЙД

# ПАНАЦЕЯ ОТ ПЕРЕКУПЩИКОВ

Ежегодно в летний период наблюдается дефицит билетов, связанный с ростом пассажиропотока. И тут, словно грибы, вырастают так называемые в простонародье «бегунки» – перекупщики билетов, которые предлагают свои услуги.



**Милена КАИРОВА,**
*Алматы*

Безусловно, подпольный рынок проездных документов еще существует, и система продажи так называемых «бегунков» настолько очевидна и отточена, что становится злободневной проблемой. С целью пресечения лиц, так называемых перекупщиков, занимающихся перепродажей проездных документов, была создана мобильная группа, в состав которой вошли сотрудники ЛОП на транспорте, работники АО «Пассажирские перевозки», АО «Пригородные перевозки», Дирекции по вокзальному хозяйству и сотрудники филиала АО «ВЖДО».

Более того, посадочной группой ежедневно проводятся выборочные проверки, сверяется информация, указанная в проездном документе с данными удостоверения личности пассажира.

И, как говорится, уже есть свои действенные результаты.

Так, с 29 июля по 13 августа текущего года в ходе рейдовых проверок работниками вокзалов Алматы-1, Алматы-2 совместно с сотрудниками ЛОВД, ТОО «Жан-М», РФ «Южный» АО «Пассажирские перевозки» были составлены 13 актов, задержаны 13 человек, которые предлагали услуги пассажирам по приобретению проездных документов. Зафиксированы случаи продажи билетов на вокзале города Шымкент. По вокзалу станции Актогай в данный период факты по перепродаже проездных документов не выявлены.

Всего за 7 месяцев текущего года было составлено 19 актов по перекупке проездных документов.

Сотрудники ЛОВД на станциях Алматы-1 и Алматы-2 к задержанным лицам составили протоколы согласно п.1 ст.449 Кодекса об административных правонарушениях РК.

– Мы пресекаем всякого рода приставания в общественных местах, за кассовыми залами ведется видеонаблюдение, только за июль нами выявлено 6 случаев перепродажи проездных билетов, – говорит заведующая железнодорожными кассами Алматы-1 регионального филиала «Южный» Раушан Увакбаева.

Стоит отметить, что постепенно ситуация нормализуется. И если ранее отправляясь к кассам перекупщики даже не скрывались, предлагая билеты в любое направление с переплатой в два раза, то сейчас эта проблема идет на убыль.

Ежемесячно на вокзалах Алматы-1 и Алматы-2 проводятся межведомственные совещания с причастными структурами по борьбе с правонарушениями, в том числе по вопросам пресечения фактов перепродажи проездных документов третьими лицами, незаконной торговли продуктами питания на территории вокзалов. Кроме того, по громкоговорящей связи пассажиров информируют о запрете приобретения проездных документов у посторонних лиц.

*Фото автора*

БИБЛИОТЕКА

# КНИГА – ДРУГ ЧЕЛОВЕКА

Сегодня в технической библиотеке НТИ Павлодар, в которой насчитывается более 26 тысяч изданий, активно ведется оцифровка книг. Это нужно, чтобы обеспечить сохранность документов и предоставить удаленный доступ к источникам информации. В будущем можно будет их читать в онлайн-режиме.



**Айдана ЕРТАЙ,**
*Павлодар*

Сейчас в библиотеке оцифровано около 30 книг. Работа нелегкая, признаются сотрудники книгохранилища. Один только учебник в среднем содержит в себе 500 страниц. Здесь не только оцифровывают статьи, но и создают полнотекстовые базы данных, электронные библиотеки.

– В феврале мы прошли обучающий практикум в Нур-Султане. Там нас учили формировать профессиональные компетенции по созданию баз данных в системе «ИРБИС». Оцифровка у нас стартовала в апреле, – рассказывает главный библиотекарь Айгуль Ибраева. – Есть автоматизированная система управления научно-технической информацией (АСУ НТИ). Нашими изданиями пользуются железнодорожники из других регионов, которые проходят курсы повышения квалификации в учебном центре. Здесь есть вся необходимая информация.

Оцифровываются не только книги, но и отраслевые технические журналы, которые размещаются в модуле «Электронная библиотека» программы АСУ НТИ, посредством электронной кольцевой почты доставляются на рабочие места сотрудников.

В технической библиотеке станции Павлодар насчитывается около 600 читателей. За первое полугодие им выдано 4403 экземпляра книг и периодических изданий, количество предоставленной информации в электронном виде – 150 экземпляров. Электронной кольцевой почтой обслуживаются 98 абонентов на узле Павлодар, им предоставляется 48 наименований отраслевых и производственно-технических журналов.

На территории библиотеки расположен учебный полигон, где есть целый комплекс технических средств – стрелочный перевод, полувагон, путевые сигнальные знаки, обучающие плакаты и многое другое. Здесь молодые сотрудники стальной магистрали и студенты проводят практические занятия.

Техническая библиотека станции Павлодар открылась в 1952 году в здании старого вокзала. В 1964-м при сдаче в эксплуатацию Дома культуры железнодорожников библиотека получила новое помещение. Последние 20 лет она находится в отдельном одноэтажном здании.

Стоит отметить, что здесь проходят различные мероприятия. Это День информации, День специалиста, День зашиты детей, экскурсии. К примеру, профсоюз организовал художественный конкурс рисунков среди детей железнодорожников.

*Фото автора*

НОВОСТИ

## ОПЕРЕЖАЯ СРОКИ

**Реконструкция железнодорожного вокзала в Караганде будет завершена раньше назначенного срока – в октябре текущего года.**

Об этом сообщил заместитель директора по вокзальному хозяйству филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Омертай Шерьязданов.

– В настоящее время ремонт вокзала закончен на 70-80%. В связи с этим не исключено, что железнодорожный объект сможет принять пассажиров уже в сентябре-октябре, хотя срок его сдачи был запланирован на конец года, – рассказал он.

На сегодняшний день в ускоренном темпе осуществляется поставка стройматериалов, также увеличилось количество бригад. Уже установлены эскалаторы и новый терминал, отремонтированы комнаты для людей с ограниченными возможностями. Совсем скоро Карагандинский железнодорожный вокзал станет одним из красивейших мест города и его визитной карточкой. Несмотря на глобальную реконструкцию, здание сохранит свой исторический облик. Для его отделки используются качественные материалы – к примеру, травертин, который является промежуточной формой камня между известняком и мрамором.

Как отметил Омертай Шерьязданов, вокзал станет комфортной и безопасной зоной для пассажиров. В новом крыле трехэтажного здания будут расположены кассы, залы ожидания, медицинский центр, комната для людей с ограниченными физическими возможностями, комната для матери и ребенка. На перрон пассажиры будут попадать по надземным переходам. После реконструкции пропускная способность железнодорожного вокзала вырастет вдвое. Он сможет принять до 8000 пассажиров в сутки.

Стоит отметить, что железнодорожный вокзал был построен в 1956 году. Последний раз его ремонтировали 11 лет назад.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*

## В ШТАТНОМ РЕЖИМЕ

**Ураганные ветры с ливнями в Уральске нанесли горожанам ущерб, однако железнодорожники обеспечили работу в штатном режиме, опозданий и задержек поездов не допущено.**

После профессионального праздника тружеников транспортной отрасли город буквально накрыло ураганными ветрами с ливнями. В трех школах области сорваны крыши, поваленными деревьями повреждено несколько автомобилей, боле 10 горожан обратились за медицинской помощью, 2 человека были госпитализированы с травмами. Из-за порывов линий электропередачи часть городских районов остались без света и связи на 2 дня, да и впоследствии частые перебои в электроэнергии отразились на качестве жизни горожан.

Несмотря на форс-мажорные обстоятельства, все предприятия железнодорожной отрасли работали в штатном режиме, пояснили в службе безопасности филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Уральское отделение ГП».

– Уральский регион находится в такой климатической зоне, где сильные ветры – не редкость, а перепад температур в течение года бывает от +40 и выше до -40 и ниже градусов Цельсия, что требует повышенного внимания со стороны всех служб обеспечения бесперебойной работы железнодорожного транспорта. Могу сказать, что профилактические мероприятия по поддержанию работоспобности оборудования, регулярно проводимые на нашем участке пути (а это более 510 километров пути от границы РФ Приволжской железной дороги до перегона Кос – Арал – Жайсан), позволяют обеспечить бесперебойную подачу электроэнергии при любых погодных условиях, – отметил замначальника филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Актобинская дистанция электроснабжения» Алтынбек Даулетиаров.

В целом, работа шла в штатном режиме, опозданий и задержек поездов по вине железнодорожников не было, случаев производственного травматизма и нарушений безопасности движения не допущено.

*Марьяна ПЕРВУШИНА, Уральск*

## ТАСБОЛАТ ӘБІКЕНҰЛЫ СҮЛЕЙМЕН



Ағымдағы жылдың 13 тамызында 75 жасқа қараған шағында ҚР Білім беру саласының үздігі, Құрметті теміржолшы Тасболат Әбікенұлы Сүлеймен өмірден озды. Ол өзінің бүкіл өмірін қазақ ғылымының дамуына, болашақ теміржолшыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге арнады.

Қырық жыл Алматы көлік және коммуникациялар колледжінде ұстаздық етіп, физика, электроника пәндерінен сабақ берді. Әдіскер,бөлім меңгерушісі, директордың өндіріс ісі жөніндегі орынбасары, ҚТЖ - Жолдық техника мектебінің директоры, Алматы теміржол колледжінің алғашқы директоры қызметтерін атқарды.

Ұстаздық ғұмыры баршаға үлгі тұтарлықтай өнегелі жанның өз ісіне деген жауапкершілігі, адалдығы мен еңбексүйгіштігі оны лайықты беделге және әріптестері мен достарының құрметіне бөледі.

Тасболат Әбікенұлының отбасы, туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Ұстаздардың ұстазы, абыройлы азаматтың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Алматы мемлекеттік көлік және коммуникациялар колледжінің ұжымы**

## ТЫНЫШТЫҚБАЙ ӘУЕСБАЕВ



Елдің танымал азаматы, теміржол саласының ардагері, КСРО және Қазақстанның құрметті теміржолшысы Тыныштықбай Әуесбаев дүниеден өтті.

Тыныштықбай Омарұлы 1941 жылы 20 наурызда дүниеге келген. 1966 жылы Ташкент теміржол институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын Қызылорда қаласындағы құрылыс-монтаж пойызының мастері болып бастаған ол осында бас инженер лауазымына дейінгі жолдан өтеді.

Тәжірибе жинақтаған білікті маман 1973 жылы Қазақ теміржолының Ақтөбе жол құрылысы тресіне бас инженер болып тағайындалады.

Тыныштықбай Әуесбаев 1989-1991 жылдары Батыс Қазақстан теміржолы басқармасы бас инженерінің орынбасары, 1991-1996 жылдары осы басқарма бастығының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Ал 1996 жылы бас инженердің орынбасары-күрделі құрылыс бөлімінің бастығы болып тағайындалды.

Ол еліміздегі ірі теміржол құрылыстары-Хромтау-Алтынсарин, сондай-ақ Жаңаөзен-Түрікменстан жолдарын салуға қатысты, осы учаскелерде басшылық қызметтерде болды.

Тыныштықбай Омарұлының білімі мен бай тәжірибесі, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті еліміздің экономикасын көтеруге жұмсалды. Ол белгіленген тапсырмаларды абыроймен орындап, маңызды құрылыстардың уақытында іске қосылуы жолында аянбай еңбек етті.

Білікті теміржолшының еңбегі Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Парасат» және үшінші дәрежелі «Барыс» ордендерімен, көптеген медальдармен атап өтілді.

Тыныштықбай Омарұлы үш ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан немерелер сүйді.

Тіршілікте адамдармен жақсы қарым-қатынаста болып,өзінің адамгершілік абзал қасиеттерімен көпшілік құрметіне бөленген азаматтың асыл бейнесі оны білетіндердің жадында ұзақ уақыт сақталатын болады.

Біз Тыныштықбай Омарұлының қазасына байланысты оның отбасына, жақын-жуықтарына көңіл айтып, марқұмның жаны жәннатта болсын деген тілегімізді білдіреміз.

**Ақтөбе теміржолшылары мен теміржол ардагерлері**

NUR MEDIA
ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Болат ҚАЛИЯНБЕКОВ**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 14114
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **С. Бакесова, Р. Рахметов**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Жасұлан Сейілханов 8-775-573-23-53
Маңғыстау: Шахида Джуманова 8-701-195-70-35
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Кокшетау: Сауле Кусаинова 8-701-738-96-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru
Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

ТВОИ ЛЮДИ, МАГИСТРАЛЬ!

# ПОЙДЕШЬ ПРЯМО – ВСЕ НАЙДЕШЬ

У Акана Балгабаева на железной дороге был непростой, нелегкий, но прямой трудовой путь.

**Аслан КУДАБАЕВ,**
*Костанай*

На железную дорогу его привела любовь. На станции Тобол он познакомился с девушкой-железнодорожницей, влюбился, и вскоре молодые поженились. Но девушка поставила одно условие: жить будут на ее родной станции Тобол, поскольку уходить с железной дороги она ни за что не хотела. Акан не только принял это условие, но и сам устроился на железную дорогу – стал регулировщиком скоростей на этой же станции. Было это в далеком 1984 году. В 1996-м его перевели монтером пути на станцию Железорудная, а в 2002 году назначили осмотрщиком вагонов на станции Апановка, где он и трудится по сей день. Вместе с супругой они воспитали двоих сыновей, которые также стали железнодорожниками: один сын стал вагонником, второй помощником машиниста.



Специальность старшего Балгабаева говорит о себе своим названием: он производит осмотр пассажирских, грузовых поездов, выявляет неисправности. Помимо сугубо профессиональных радостей, ему нравятся в работе на железной дороге стабильность, основательность, уверенность в завтрашнем дне.

– В нашем поселке живут в основном железнодорожники, мы все как одна большая семья, – говорит Акан Балгабаев. – Всегда рады друг другу помочь, на любого можно положиться. И эти дружба и взаимовыручка мне нравятся среди железнодорожников больше всего. Я люблю свою работу, своих коллег, семью и рад, что мне выпало в жизни трудиться именно на железной дороге, благодаря которой я встретил свою любовь, создал семью.

*Фото автора*



## *Құттықтаймыз!*

НҰРТАЕВ КЕҢЕС ҚАНАТБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» Ақтөбе жол дистанциясының бастығы (16 тамыз)*

ТІЛЕУБАЕВ БЕЙБІТ НҮСІПЖАНҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Шаруашылық басқармасы» директорының орынбасары (16 тамыз)*

МАХАМБЕТ МҰХТАР НАУРЫЗБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бас директорының маркетинг және жоспарлау жөніндегі орынбасары (17 тамыз)*

ЖҮГІНІСОВ МҰРАТ ТЕРЕКБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Атырау ЖТ бөлімшесі» директорының (экономика және қаржы жөніндегі) орынбасары (17 тамыз)*

ЖЕКСЕМБЕКОВ ДАНИЯР ТАХИРҰЛЫ – *«Транстелеком» АҚ басқарма төрағасының экономика және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары (18 тамыз)*

МҰРАЖАЙ

# ҒАСЫРДАН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕР

Қазақ теміржолының ғасырлық тарихынан сыр шертетін мұражайлар барлық аймақта бар. Жол бөлімшелерін былай қойғанда тағылымды тарихы бар деполар мен байырғы мекемелер өз музейімен мақтана алады. Ақтөбе теміржолының орталық мұражайында 350-ден аса құнды жәдігер бар. Олардың арасынан бір ғасырдан астам тарихы бар көне теміржол бұйымдарын көруге болады.




**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
*Ақтөбе*




Теміржол басқармасының бір қапталында орналасқан музейге қызығушылық танытып қала тұрғындары мен студенттер жиі келеді. Оларға бәрі қызық,бәрі таңсық, пойыздың шағын макеттері, шойыннан құйылған қоңыраулар және ерте кездегі машинистердің формасы, теміржолшылардың қолшамы мен тіпті патшалық ресей заманындағы ауыр дискілі телефондардың өзі қайталанбас дүние.

Музейдің кіреберісінде Елбасының қолы тиген жез қоңырау тұр. Оны 2014 жылы Қазақстан жеріндегі маңызды темір жол құрылысы – Қостанай облысындағы Алтынсарин станциясы мен Ақтөбенің Хромтауы арасын байланыстырған магистральдің ашылу салтанатында соққан. Содан бері бұл қоңырау жаңа теміржол бөлімшелері ашылған кезде салтанатты шараға пайдаланылып жүр екен. Заманауи үлгідегі қоңырауда ескі дауыс сақталған.

Музейде тепловоз, паровоздардың шағын бөлшекті құралдары түпнұсқа ретінде сақталған. Сонымен қатар, кішкентай макеттері де бар. Сондай-ақ, Ақтөбе вокзалының алғаш салынған жылдардағы келбетін де көруге болады.

Музей меңгерушісі Анар Жұбаеваның мәліметінше, Ақтөбе теміржолына қарасты бұл мұражай 1989 жылы жасақталыпты. Онда қазір 350 жәдігер сақталған. Олардың жартысы тарихи құжаттар болса, жартысы – ұстап көруге болатын бұйымдар. Көне жәдігерлермен қатар тәуелсіздікпен келген темір жолдың жаңа технологиялық даму жылдарынан сыр шертетін арнайы зал бар. Онда Алтынсарин-Хромтау теміржолының макеті, Қазақстанда баламасы жоқ Ақтөбе рельсарқалық зауыты, соңғы салынған Бейнеу-Жезқазған темір жолының Шалқар-Тассай учаскесі, т.т. бар. Және жаңа технологиялық мүмкіндіктермен қосылатын теміржол картасын да осы жерден көресіз.

«Мұндай музей барлық бөлімшеде жоқ. Ақтөбе музейінің ерекшелігі жәдігерлердің түпнұсқасы сақталған. Кеңес дәуіріндегі қазақ темір жолының иісін сезуге болады. Және көлемі жағынан Қазақстандағы теміржол музейлерінің алдыңғы қатарында. 1884 жылы Қазақстанға теміржол батыстан кірген. 130 шақырымдық Орал-Слобода жолы Қазақстан аумағына кірген алғашқы теміржол болып саналады. 1903-04 жылы Орынбор-Ташкент теміржолы салынған», – деп мәлімет берді музей қызметкері.

Ақтөбе жол бөлімшесі қырқыншы жылдарға дейін Орынбор теміржолының құрамында болған. Кейін 1958 жылы құрылған Қазақ теміржолының құрамында болса, 1977 жылы үшке бөлінгенде Батыс Қазақстан теміржолына енген. Қызылорда, Гурьев, Орал бөлімшелері орталығы Ақтөбеден басқарылған. 1997 жылдан Қазақстан темір жолының бір бөлімшесі ретінде өзінің даму жолын әрі қарай жалғастырып келеді.

*Суреттерді түсірген автор*

## АТАЛАР ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ




**Шежірелі Шалқар жеріне алғаш теміржол тартылған өткен ғасыр басында іргетасы қаланған мекеменің бірі – Шалқар локомотив депосы. Аудан теміржолшыларының «қара шаңырағы» атанған депо тарихы оның даңқты тұлғаларымен құнды дер едік.**

Көп жылдар осы мекемеде еңбек етіп, өздерінің жастығы мен жігерін теміржолдың осы бір қиын да күрделі саласына арнаған Құрметті теміржолшылар депода көптеп саналады. Олардың қатарында, мысалы қазақ ұлтының ішінде ең алғаш депо бастығына дейін өскен Асанов Әбдірахман, механикалық цехтың шебері болған Тілеуқұлов Жүсіп, электротележкалы цехтың жөндеушісі болып көптеген шәкірттер тәрбиелеген Қани Жұмағұлов, Қаналы Сырлыбаев, т.б. құрметті теміржолшылар есімі депо тарихында латын әріптермен жазылып қалды.

Бүгінде Шалқар локомотив жөндеу депосы ретінде даңқты еңбек жолын жалғастырып отырған кәсіпорын директоры Жұбатов Нұржан Убайдоллаұлы ардагер теміржолшылар салып кеткен сара жол бүгінгі ұрпаққа да жұғысты екенін айтады. Соңғы 2-3 жылда Қазақстандағы 18 локомотив жөндеу деполары арасында үздіктер қатарында көрініп, «Қамқор менеджмент» ЖШС қарасты барлық деполар арасында қауіпсіздік техникасын сақтау, тепловозды ақаусыз жөндеу, цехтардың ішкі тазалығы, ұжымдағы тәртіп көрсеткіштері салыстырмалы түрде қорытындыланып, нәтижесінде Шалқар локомотив жөндеу депосына «Алтын каска» сыйлығы табыс етіліп, ұжым еңбегінің жоғары бағалануы оларға жаңа серпіліс, қосымша күш, тың талпыныс сыйлады.

Қазіргі таңда депо мүлдем жаңарып-жаңғыртылған, цехтардың барлығына сапалы еврожөндеулер жүргізілген, депо ауласына ағаштар мен гүлдер отырғызылып көгалдандырылған. Сонымен қатар асхана, жуынатын бөлмелер (душ) салынып, жұмысшы-қызметкерлердің қажетін өтеуде.

Ғасырдан астам тарихы бар депо ұжымының жетістігі көп. Депо спортшылары аудандық, облыстық деңгейде өткізілген түрлі спорт шараларына қатысып, жүлделі орындармен марапатталып келеді. Ауданда өткізілген қайырымдылық шараларында мұқтаж жандарға материалдық көмек ұйымдастырып, халық алғысына ие болудан да көпке үлгі.

**Темірхан ҚАДЫРОВ,** *Құрметті теміржолшы*
*Шалқар станциясы*

СПОРТ




# «ҚТЖ» ҚҰРАМАСЫ АЛДА

13 тамызда шағын футболдан өткен «QAZAQSTAN QYZMET CUP: түнгі футбол лигасы» ҚР Чемпионатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрама командасы жеңіске жетті.

Мемлекеттік басқару субъектілері арасында өткен чемпионаттың BIRLIK Liga атты ақтық ойынында теміржолшылар командасы Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің құрамасымен кездескен болатын. Тартысты өткен ойын барысында теміржол қызметкерлері үздік ойын көрсетті. ҚТЖ құрамасын компанияның еншілес ұйымдары және құрылымдық мекемелерінен жиналған мықты деген 23 спортшы құрады. Атап айтқанда, олар орталық аппарат пен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «ӘТЖК» АҚ, «KTZ Express» АҚ және «Кедентранссервис» АҚ сынды еншілес ұйымдар мен құрылымдық бөлімшелерден жинақталған. Биыл маусым айында өткен жартылай финалда да ҚТЖ командасы құрамындағы сала мамандары 18 ойын барысында жоғары қабілеттерін көрсетіп, алғашқы орындардан түспеген болатын. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «QAZAQSTAN QYZMET CUP» турнирі – футболды жиі ойнай отырып, халықаралық аренада көрінуге лайық қабілет танытып жүрген қазақстандық мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік сыңайлы сектор компаниялары қызметкерлері үшін үлкен ойындарға қатысуға мүмкіндік беретін алғашқы қадамдардың бірі.

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ**
*Суретті түсірген автор*



# ВОЛЯ К ПОБЕДЕ



В Щучинске завершился второй отборочный тур VI спартакиады среди сотрудников группы компаний АО «Самрук-Қазына». На несколько дней простые железнодорожники, почтальоны, электромеханики стали профессиональными спортсменами.

**Руслан РАХМЕТОВ**

Отборочные соревнования в Щучинске стали уже вторыми по счету после прошедшего в Павлодаре первого регионального отбора. За выход в суперфинал боролись спортсмены из АО «Самрук-Қазына», АО «НК «Қазақстан темір жолы», АО «НК «КазМунайГаз», АО «Самрук-Энерго» и других.

В течение двух дней 444 спортсмена соревновались в турнирах по мини-футболу, стритболу, волейболу, настольному теннису, киберспорту, армрестлингу, шахматам и национальной игре тогызкумалак. Всего приняли участие представители 39 компаний из Нур-Султана, Акмолинской и Карагандинской областей.

Карлыгаш Исраилова уверенно разобралась со своими соперниками по армрестлингу. Так, по условиям турнира, проигравший выбывал из соревнований, а победивший продолжал борьбу за победу. Участники спартакиады подходили к ней один за другим, и всех их одолела «железный» армрестлер из ҚТЖ.

Сама же Карлыгаш свою победу считает не чем иным, как результатом многочасовых тренировок, упорства и большого труда.

– Турнир прошел на высоком уровне. Все участники были достойны победы. Ведь каждый из ребят днями и ночами готовился к предстоящей спартакиаде. Они все



прислушиваются к рекомендациям опытных коллег, да и упорства в достижении цели им не занимать. Поэтому каждая схватка с соперником была важным шагом к победе. Но самое главное, что именно в духе соперничества рождались дружба и воля к победе.

По итогам соревнований железнодорожники еще не раз отличились в индивидуальных видах спорта. К примеру, Ольга Макалкина, так же как и Карлыгаш, заняла первое место в армрестлинге, а среди мужчин лучшим был назван Руслан Ескенеев. Победу в тогызкумалаке также одержал представитель стальной магистрали Абилмаш Ердос.

Теперь лучшим из спортсменов региона «Центр» предстоит встретиться с победителями других регионов в решающем суперфинале, который пройдет в Нур-Султане.

Напомним, все отборочные соревнования спартакиады разделены на территории: Северо-Восток, Центр, Запад и Юг. Каждый регион выставляет свои команды и спортсменов согласно делению на дочерние зависимые организации.

*Фото автора*

**В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08**